

Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" № 130/4 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 14 қазандағы № 320/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 қарашада № 4138 болып тіркелді. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі N 13/2-12/1144 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының 30.04.2015 N 13/2-12/1144 хатымен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 573 қаулысымен бекітілген Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларына сәйкес, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" № 130/4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3845 болып тіркелді, 2014 жылғы 12 маусымда "Сарыарқа самалы" газетінде, 2014 жылғы 12 маусымда "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланды) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

прембуласы келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 573

қаулысымен бекітілген Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулының 4-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес 149, 150, 151, 152, 153, 154-жолдармен толықтырылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрі
2014 жылғы "29" қазан

Қ. Бозымбаев

А. Мамытбеков

Павлодар облысы әкімдігінің
2014 жылғы 14 қазандағы
№ 320/10 қаулысына
қосымша

149.	Торнадо, 500 с.е. (глифосат, 500 г/л)	литр	30 495
150.	Сонраунд, 48 % с.е. (глифосат, 360 г/л)	литр	30 519
151.	Авестар, 10% э.к. (феноксапроп-п-этил, 100 г/л+ фенклоразол-этил (антидот), 50 г/л)	литр	30 1027

152.	Фокстрот, с.э. (феноксапроп-п-этил, 69 г/л+ флоквинтоцет-мексил (антидот), 34,5 г/л)	литр	30 710
153.	Зерномакс, э.к. (2-этилгексил эфирі түріндегі 2,4-Д қышқылы, 500 г/л)	литр	30 555
154.	Меццо, 60 % с.д.т. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	кило-грамм	30 9190

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК